

# Ақталмаған соғыс құрбаны

Қуғын-сүргін құрбандары толық ақталар күн де жақын. Өйткені, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы жария етілісімен құрылған 11 өңірлік комиссия бүгінде тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру үшін кезең-кезеңімен атқарылатын жұмысты бастап кетті. Түрлі себептермен осы уақытқа дейін сақталып келген құрбандар туралы мәліметтерге де саяси сараптамалар жасалып жатыр.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түскендер тағдыры – өте күрделі тақырып. Біздіңше, олардың ішінде жазықсыз жазаланғандары аз емес. Архив құжаттарын ақтара отырып олардың бірқатарына жеке тоқталуды жөн көрдік. Солардың бірі – Сайран Еділов.

Сайран Еділовтің атына толтырылған тіркеу парағында да, ҰҚК қызметкерінің тексеріп, жолдаған анықтамасында да оның 1921 жылы дүниеге келгендігі жазылған. Ұлты қазақ. ОҚО, Қаратас ауданы (қазіргі Қазығұрт ауданы), «Майбұлақ» ұжымшары, Жүзімдік ауылының тумасы. Комсомол мүшесі. Орта білімді. 1940 жылы Шымкент ауыл шаруашылығы техникумын тәмамдап, агроном мамандығын алған.

Ал, 1947 жылы 8 наурыздағы Сайран Еділовке қатысты материалдарды тексеріп, сүзгіден өткізудің қорытындысына сай берілген №124 анықтамада оның 1941 жылы 26 сәуірде әскер қатарына алынып, №9707 әскери бөлімде Отан алдындағы борышын өтегені атап көрсетіліпті. Одан бөлек облысымыздағы Ұлттық қауіпсіздік комитетінде ұзақ жылдар бойы сақталған №693-іс материалдарына сүйеніп, жоғарыдағы мәліметті толықтыра көтер болсақ, Сайран Еділов аталған әскери бөлімнің мотомеханика бөлімшесінде мотоциклист болған екен. Алапат соғыс ерті күшейіп, жау күш ала бастаған 1941 жылдың жазында Слуцк қаласы түбінде қоршауда қалған жауынгерлермен бірге тұтқынға түседі. Дегенмен, бұл мәліметтердің біркелкі еместігі бірден көзге ұрып тұр. Өйткені, «аса құпия» деген бұрыштамамен сақталған келесі бір анықтама-құжатта Еділовтің Мовилев ауданы маңайында немістерге қолға түскені жазылған.



ұлт-ұлтқа бөліп әкетіп, бізді «Түрік легионының» 6-батальонына қосты да жіберді. Содан бізді Едлин стансасына жинап, неміс формасын берді. Асығыс түрде әскери дайындықтан өткізе бастады. Көп өтпей Шығыс майданына бет алып, Ворошиловград қаласын қорғау үшін қала сыртына орналастырылды. 10-12 күніміз тыныш өтті. Тұтқында жүрсе де туған еліне қару кезеңбейтін қайсар солдаттар көп еді бізде. Командиріміз бір кеште кеңесе келе тұтқыннан түн қата қашып, партизандарға қосылуды ұсынды. «Адам аласы ішінде» деген рас екен, бұл жоспарымызды өз арамызда жүрген жансыздар жеткізіп қойып, немістер командир Қонысбаев, Пчелов бастаған бір топ жауынгерді көз алдымызда атып тастады. Осыдан соң біздің батальонға деген сенім азайып, қызыл әскерлер қалаға таяғанда бізді Рыков қаласына асығыс жөнелтті. Теміржолдар мен көпірлерді күзеткендей болсақ та, кешегі қаруластарымызға қарсы бір оқ та шығармағанымызға Құдай күйе. Осылайша немістермен бірге бір қаладан бір қалаға көшіп отырдық. Ұрысқа араласпадық. Константиновск, Запорожье маңындағы деревняларды артқа тастап, Румыния шекарасына да жеттік. Венгрияның бір стансасына біраз аялдаған соң легионды эшелонмен Францияға жеткізді. Түскен жеріміз Кастриц қаласы екен. 1944 жылы Сантмориде болдық. 15-тамызда Бордоға аяқ басып, рота командирі Нұрмуқашевтің бастауымен Лариолла селосы тұсында француз парти-

Сол жылы Могилевтегі, Гомельдегі тұтқындар лагерінде, ал, 1943 жылға дейін Бобруискідегі, 1944 жылға дейін Перемышльдегі лагерьде болғандығы көрсетілген. Өрі ол осы уақыт ішінде екі рет тұтқыннан қашып шығып, екеуінде де полицияның қолына түсіп, қатты жазаланады. 1942 жылдың тамызында «Түркістан легионына» күштеп кіргізілген Сайран Еділов 6-батальон құрамында Ворошиловград қаласындағы неміс бөкінісіне тартылып, кәпірлер мен теміржолдарды күзетіп, окоптарды қазуға да жегілген. Ал, 1943-1944 жылдары «легиондағы» 6-батальонның 3-ротасының тілмашы бола жүріп, «ефрейтор» шенін алған. Әйтсе де, неміс әскерінен екі рет қашуға әрекеттенгені үшін сенімсіздік тудырған С.Еділовтің мұнан кейінгі тағдыры да қым-қиғаш оқиғаларға толы. Сонан соң эшелонмен Францияның Марсель, Тулуза, Мохтауан қаласына жөнелтілген тұтқын ол жерден тағы да қашып шығып, француз партизандарына қосылған. Дегенмен, кейбір құжаттар бұл дерекке кереғар. Онда Еділовті француз партизандары тұтқындаған деп көрсетеді. Қалай дегенде де анығы сол, қаратастық солдат ол жерде 1944 жылға дейін болған. Ал, 1945 жылы ол осы Оңтүстік Франциядағы кеңес әскери тұтқындарына арналған №7 пунктте рота командирінің көмекшісі болса, біршама уақыттан соң Германияның Цербет қаласында НКВД-ның сүзгісінен өтіп, Сталинск облысындағы №1 шахтаға жұмысқа жіберіледі. Мұнда тағы да тергеп-тексеруден өтіп, қайта сүзгіге ілініп, 1946 жылы ғана атамекеніне аяқ тірейді.

Осы тұста 1948 жылы 20 қаңтарда Ленинское селосында толтырылған тергеу хаттамасынан да үзінділер келтіре кетейік. Тергеушілердің «Тұтқынға қалай түстіңіз?» деп басталатын дәстүрлі сұрағына Еділов: «...Могилев маңында қолға түсіп, сол жердегі лагерьден бірнеше күн өткен соң қашып шықтым. 1942 жылғы ақпанның аяғына дейін Гомель облысы, Ветковск ауданындағы Присно ауылың паналадым. Бір күні жергілікті полицейлердің көзіне түсіп, тұтқын кейпін қайта кидім. Бұл жолы Гомельде қалдым. Мұнан соң лагерьден лагерьге ауыстырылып, азаптың бәрін көштім, ауыр тұрмыстың да неше түрін амалсыздан атқардым» деп жауап беріпті. Жалған жауап үшін жаза күшейетінін қайта-қайта ескерткен тергеушілердің сөсінен қаймықпаған С.Еділов мұнан кейінгі жауабында да ешқашан немістермен етене жақындықта болмағанын айтады, бірақ бір куәгер көрсеткендей «Түркістан легионында» болғанын теріске шығармайды.

«...Польшаның Вениамин лагеріне жеткізілгеніміз жадымда. Үлкен лагерьді аса ауқымды ажал ошағы десе болады. Жүз мыңдаған жауынгер иін тіресіп жататын тар барактар. Немістер бізді мұнда бекерге қойша иірмепті. 15 күннен соң солдаттарды

зандарына қосылдық. Бір ескерте кетерім, айыптау қорытындысында айтылғандай, біз өзіміз қорғаған теміржолдар мен көпірлерді шегінер тұста қасақана жарып кеткен жоқпыз. Бұл шаруамен «СС»-тің арнайы отряды айналысты» деп бар шындықты жайып салады.

Анығы сол, Сайран Еділов өзі сияқты тағдыр теперішіне тап болған мыңдаған тұтқынмен бірге «Түркістан легионында» болған. 1945 жылдың қысында Либурподағы уақытша лагерьден отбасына жолдаған хатында тек амандығын білдірген де қойған. Әйткені, «тыңшы» табуды басты мақсат тұтқан тергеушілер тұтқынның төрт жолдық хатына мұқият үңіліп, әр сөзінен ілік іздейтіні айдан анық болатын.

Осындай сұрапыл соғыста сергелдеңге түсіп аман-есен қайтқан С.Еділов елге келе сала қызу еңбекке араласып, қажырлы еңбек үлгісін көрсетеді.

Қаратас аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы К.Бекішев 1958 жылы 17 желтоқсанда қол қойған партиялық мінездеме былай делінген: «Жолдас Еділов Сайран өзінің мамандығына қарай, осы Қаратас ауданында 13 жылдан астам уақыт агроном, сонан соң МТС-тегі бас агрономдық қызметтерде өзінің іскер кадр екендігін практика жүзінде көрсете білді... Жақында болған аудандық XIV партия конференциясы жолдас Еділовті аудан ұжымшарларының ішіндегі абыройлы іскер басшы деп бағалап, ККП аудандық комитетінің мүшелігіне және облыстық XIV партия конференциясына делегат етіп сайлады. Келесі жылы, яғни 1959 жылы наурыз айында С.Еділовтің кандидатурасы облыстық Кеңес депутаттығына ұсынылады. Дегенмен, оның кейбір «тілеулестері» партия ұйымдарына домалақ арызды қарша боратып, «Түркістан легионында» болғанын өмірбаянында жасырды» деп кінә тағады. Осылайша партия қатарынан шыға жаздап, есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіспен әулірімдеп аман қалады».

Сайран Еділов сияқты ақталмаған соғыс құрбандарының өлі де көп екендігін қаперде ұстасақ, бұл бағытта атқарылар жұмыстың ұшан-теңіз екендігі айтпаса да түсінікті. Демек, тұтқындар тағдыры, «Түркістан легионы» мәселесі тарихшылар назарынан тыс қалмауы тиіс. Бүгінде арнайы құрылған ақтау комиссиясының да мақсаты осы. Олай болса, соғыс құрбандарың ақтау үдерісі үзілмей, жүйелі жұмысты жандандыра түскен жөн. Осы арқылы Ұлы Отан соғысының беймәлім беттеріне қанығып, тарихи шындыққа көз жеткізе түсеміз.

**Сейдехан ӘЛІБЕК,**  
**тарих ғылымдарының докторы,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің**  
**колледж директоры.**